ТЕКСЕРІЛДІ:

Утверждаю
методист
Зад

_______________
13.02.2026ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің**
**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «Балажан» бөбекжай-балабақшасы
**Топтар:** «Звездочки» ересек тобы
«Лучики» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар
**Жоспар қандай кезеңге жасалды:** 16.02 – 20.02. 2026 жыл (3-апта) Апта дәйексөзі «Өнерлі бала өрге жүзер»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 16.02** | **Сейсенбі 17.02** | **Сәрсенбі 18.02** | **Бейсенбі 19.02** | **Жұма 20.02** |
|---|---|---|---|---|---|
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | «Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Мамандықтар», «Бағдаршам»<br><br>«Мақал-мәтелдер арқылы балалардың тілін дамыту» ата-аналарға арналған кеңес<br>Туған жер туралы баланың жаттаған мақал-мәтелдері (ата-аналардан бейнежазба) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық | Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау.<br>Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Ата толғауы» күйі<br>https://zvyki.com/song/61248912/N_r_isa_T_lendiev_-_Ata_tol_au/ **«Күй күмбірі» күй тыңдау** | | | | |
| Сөздік минимум | Дәрігер, тәрбиеші, аспазшы, ұшқыш | | Дәрігер, тәрбиеші, аспазшы, ұшқыш, сатушы, жүргізуші, өрт сөндіруші, құрылысшы, тәртіп сақшысы | | |
| Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті | **<u>Мектепалды тобы</u>**<br>**Тақырыбы: «Бағаршам»**<br>**Міндеттері:**<br>қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; | | **<u>Мектепалды тобы</u>**<br>**Тақырыбы: «Мамандықтар»**<br>**Міндеттері:**<br>қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>«жолдан өту», «бағдаршам» атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.<br><br>Біз таңертең тұрған соң қайда барамыз?<br>Біз балабақшаға барамыз.<br>Мен балабақшаға барамын.<br>Бүгін таңертең автобуспен кім келді?<br>Автобус не үшін керек?<br>Балалар мен үлкендерді тасу үшін керек Автобусқа отыру үшін қайда бармыз?<br>**Суреттермен жұмыс**<br>Мынау автобус аялдамасының белгісі.<br>Аялдама – остановка.<br>Мынау жүргіншілер жолының белгісі.<br>Жүргіншілер жолы – пешеходный переход.<br>**Бейнежазба көру: «Түстер»**<br>Мына үш түсті атайықшы.<br>- Сары.<br>- Жасыл.<br>- Қызыл.<br>Осы үш түсті біріктірсе, не пайда болады?<br>Бағдаршам. | | сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>мамандық атауларынайта білу және түсіну, оларды ауызекі тілде қолдану;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.<br><br>Апаң сенің базардан<br>Алма сатып әперді<br>Ең үлкенін, тәттісін<br>Саған таңдап әперді.<br>- Апаң алманы қайдан алды?<br>- Алманы кім сатты?<br>- Алманы дүкеннен сатып алды.<br>- Иә, балалар, дүкенде кім жұмыс істейді?<br>- Олар бізді барлық аурулардан емдейді.<br>Бұдан артық пайдалы мамандық жоқ!<br>Бұл кім? (Дәрігер.)<br><br>Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес, ол бірақ.<br>Ас мәзірін қаласаң,<br>Алға ұсынып тұрады ол (Аспаз.)<br><br>- Сендер қалай ойлайсыңдар, балалар, біз бүгін не туралы сөйлесеміз?<br>- Мамандықтар туралы.<br>**Бейнежазба көру «Мамандықтар»**<br>**Топпен жұмыс «Тыңда және қайтала»**<br>Мынау кім?<br>Мынау – тәрбиеші.<br>Мынау – мұғалім.<br>Мынау – аспазшы. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар, бағдаршам дегеніміз не?<br>Бағдаршам бізге не үшін қажет?<br>Жолдан өту үшін.<br>Бағдаршамның жоғарғы жағында қандай көзі бар? Бұл көзі нені білдіреді?<br>Қызыл түсті. "Тоқта!" - деген белгіні білдіреді.<br>Бағдаршамның ортасындағы көзінің түсі қандай? Бұл нені білдіреді?<br>Сары түсті. "Тұра тұр! Қызыл немесе жасыл көзі жанғанша күт!" - деген белгі.<br>Ал бағдаршамның төменгі жағында қандай көзі бар? Бұл нені білдіреді?<br>Жасыл түсті. Жүруге рұқсат! - деген белгіні білдіреді.<br>Көше қиылысында бағдаршам болмаған жағдайда не істеуге болады?<br>Бағдаршамнан басқа не көмектеседі?<br>Мұндай жағдайда жаяу адамдарға «жолақ белгі» (зебра) көмектеседі. «Жолақ белгі» деп аталған себебі – жолдан өту жолы ақ-қара жолақты болып келеді. Жолақпен өткенде алдымен солға қарап, көлік жоғына көз<br>жеткізіп, содан кейін жолдың ортасына келгенде оңға қарап алып жолдан өту керек.<br>Педагог осылайша көшедегі жол қауіпсіздігі ережесіне байланысты сұрақтарды қоя отырып, балалар | | Мынау – дәрігер.<br>Балалар, ал дүкенде кім жұмыс істейді?<br>Мынау кім? Мынау – сатушы.<br>Машинаны кім жүргізеді?<br>Мынау – жүргізуші.<br>Ұшақты кім басқарады?<br>Мынау – ұшқыш.<br>Мынау – өрт сөндіруші.<br>Мынау – құрылысшы.<br>Мынау – тәртіп сақшысы.<br>**Буынды ұйқас**<br>Дә – дә – дә – дәрігер.<br>Мұ – мұ – мұ – мұғалім. Ға – ға – ға – мұғалім<br>Үр – үр – үр – жүргізуші. Рі – рі – рі – дәрігер.<br>**Ойын: «Қара да айт»**<br>(балалармен жеке жұмыс)<br>**Бірге ойнайық «Кім көп сөз біледі?»**<br>Балабақшада кімдер жұмыс істейді?<br>Балабақшада тәрбиеші, аспаз, дәрігер жұмыс істейді.<br>**Қимылды әрекет:**<br>Мынау – менің жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – менің оң қолым,<br>Мынау – менің сол қолым.<br>Барлық істі басқарған.<br>**«Мен бастаймын, сен аяқта» ойыны**<br>Аяқ киімді ... жөндейді. (етікші)<br>Ұшақты ... жүргізеді. (ұшқыш)<br>Өлеңді ... жазады. (ақын)<br>Тамақты ... дайындайды. (аспаз)<br>Ауруды ... емдейді. (дәрігер)<br>Өртті ... сөндіреді. (өрт сөндіруші) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пікірін тыңдайды.<br>**Дидактикалық ойын «Бағдаршамның белгілерімен танысайық»** Бағдаршамның үш көзі бар. қызыл – тоқта!<br>сары – дайындал!<br>жасыл – жүр<br>**«Бағдаршам» ойыны.**<br>Балалар қызыл түсті дөңгелекті көрсеткенде тыныштық сақтайды, ал<br>сары түсті дөңгелекті көрсеткенде алақандарын соғады, ал жасыл түсті дөңгелекті көрсеткенде жүреді.<br>**Қимылды әрекет: «Бағдаршам әні»**<br>**Бейнелеу әрекеті:** Боя, есте сақта. Балалар бағдаршамды түрлі-түсті етіп бояйды.<br>**Қорытындылау:**<br>Жаңа сөздердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.<br>**<u>Ересек топ</u>**<br>**Тақырыбы: «Мамандықтар»**<br>Міндеттері:<br>қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру;<br>қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету;<br>қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.<br><br>- Олар бізді барлық аурулардан | | Балаларды ... оқытады. (мұғалім)<br>**Сұраққа жауап берейік**<br>Сенің анаң кім болып жұмыс істейді?<br>Менің анам – сатушы Сенің әкең кім болып жұмыс істейді?<br>Менің әкем – инженер<br>Сен өскенде кім болып жұмыс істейсің?<br>Мен де инженер боламын<br>**Қорытындылау:**<br>Мамандықтардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | емдейді. Бұдан артық пайдалы мамандық жоқ! Бұл кім? (Дәрігер.)<br><br>Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес, ол бірақ.<br>Ас мәзірін қаласаң,<br>Алға ұсынып тұрады ол (Аспаз.)<br><br>- Сендер қалай ойлайсыңдар, балалар, біз бүгін не туралы сөйлесеміз?<br>- Мамандықтар туралы.<br>**Бейнежазба көру «Мамандықтар»**<br>**Топпен жұмыс «Тыңда және қайтала»**<br>Мынау кім?<br>Мынау – тәрбиеші.<br>Мынау – аспазшы.<br>Мынау – дәрігер.<br>Машинаны кім жүргізеді?<br>Мынау – жүргізуші.<br>Ұшақты кім басқарады?<br>Мынау – ұшқыш.<br>**Буынды ұйқас**<br>Дә – дә – дә – дәрігер.<br>Үр – үр – үр – жүргізуші. Рі – рі – рі – дәрігер.<br>**Бірге ойнайық «Кім көп сөз біледі?»**<br>Балабақшада кімдер жұмыс істейді?<br>Балабақшада тәрбиеші, аспаз, дәрігер жұмыс істейді.<br>**Қимылды әрекет:**<br>Мынау – менің жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған. | | | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Мынау – басым ақылды,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – менің оң қолым,<br>Мынау – менің сол қолым.<br>Барлық істі басқарған.<br>Сұраққа жауап берейік<br>Сенің анаң кім болып жұмыс істейді?<br>Сенің әкең кім болып жұмыс істейді?<br>Сен өскенде кім болып жұмыс істейсің?<br>Қорытындылау:<br>Мамандықтардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td rowspan="2">Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</td>
<td rowspan="2"><u>Ересек топ</u><br>Кел, жаттайық!<br>Мынау – менің жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – менің оң қолым,<br>Мынау – менің сол қолым.<br>Барлық істі басқарған.<br><u>Мектепалды топ</u><br>Дидактикалық ойын<br>«Бағдаршамның белгілерімен танысайық» Бағдаршамның үш көзі бар. қызыл – тоқта!<br>сары – дайындал!<br>жасыл – жүр</td>
<td></td>
<td><u>Мектепалды топ</u><br>Кел, сөйлесейік!<br>Апаң сенің базардан<br>Алма сатып әперді<br>Ең үлкенін, тәттісін<br>Саған таңдап әперді.<br>- Апаң алманы қайдан алды?<br>- Алманы кім сатты?<br>- Алманы дүкеннен сатып алды.<br>- Иә, балалар, дүкенде кім жұмыс істейді?жоспары бойынша</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="4">«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау<br>Сандарды сәйкестендір және ата</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | | <br> |